

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН (ҮЕҰ)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚАЗАҚСТАН ҮЕҰ-МЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП



МАЗМҰНЫ

Түйін	4
Міндеттер мен әдіснама	5
Консультациялардың мақсаты	5
Әдіснама	5
Сауалдамалардың қорытындылары бойынша нәтижелер мен тұжырымдар	5
ҰЕҰ/АҚҰ қызметінің бағыттары мен мақсатты топтары	5
ҰЕҰ-ның ЮНИСЕФ қолдауына мұқтаж болатын қызметінің бағыттары	6
Қазақстандағы ЮНИСЕФ қызметі туралы хабардарлық	6
Қазақстандағы ЮНИСЕФ туралы ақпарат тарату	7
ҰЕҰ-ның Қазақстандағы ЮНИСЕФ-пен өзара серіктестік іс-қимылы	7
Зерттеулердің бағыттары	8
Тереңдетілген сұхбат қорытындылары бойынша негізгі нәтижелер мен тұжырымдар	8
ҰЕҰ бетпе-бет келетін проблемалар және жақсартуды қажет ететін қызмет салалары	9
Үкіметтік емес ұйымдардың «өзара серіктестік іс-қимыл» және «әлеуетті күшейту» тұжырымдамалары туралы түсінігі	11
Үкіметтік емес ұйымдардың ақпараттық өзара іс-қимыл стратегиясын жақсарту бойынша пайымдауы	12
Қосымшалар	
Онлайн-тексеруге арналған сұрақтық	
ҰЕҰ-мен құрылымданған сұхбат алуға арналған сұрақтық..	

Кіріспе

Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілдігі алуан түрлі үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) және азаматтық қоғам ұйымдарымен (АҚҰ) ынтымақтасы жұмыс істейді. Бұл өзара қарым-қатынастар ЮНИСЕФ бағдарламаларының тиімділігін арттыруда және оларды қамту саласында, сөйтіп, балалардың өміріне тигізетін оң ықпалды күшейтуде маңызды рөл атқарады. Мұндай ынтымақтастық ЮНИСЕФ-тің де, сондай-ақ, ҮЕҰ/АҚҰ-ның да туындайтын үрдістерді неғұрлым тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді, белгілі бір сабақ алуға көмектеседі, сондай-ақ жұмыс істеу әдістерін жетілдіру үшін мүмкіндіктер ұсынады. ҮЕҰ-мен консультациялар жүргізатуралы 2013 жылы бастама жасалды, ол балалар мен әйелдердің құқықтарын іске асыруға бағытталған бірлескен мақсаттарға қол жеткізуде ЮНИСЕФ пен АҚҰ қалайша мейлінше тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізе алатыны туралы азаматтық қоғамның пікірін білу мақсатын көздеді. Бұл консультациялар сонымен қатар ЮНИСЕФ-тің қолданыстағы 2010-2015 жж. арналған Ынтымақтастықтың елдік бағдарламасы аясындағы Орта мерзімді қызметіне шолудың бір бөлігі болып табылды.

Консультациялар процесі 2013 жылғы мамырдан тамызға дейінгі аралықта өтті, ол басты екі мәселеге негізделді:

1. ЮНИСЕФ-пен ақпарат алмасуға және онымен ынтымақтастыққа қатысты ҮЕҰ/АҚҰ-ның күтетін нәтижелері қандай?
2. Олардың пікірінше, елдегі ЮНИСЕФ-тің жұмысын қалайша күшейтуге болады?

Консультациялар барысында екі бағыт ұсталды: 127 ҮЕҰ/АҚҰ-мен онлайн-сауалдама және еліміздің түрлі секторлары мен өңірлеріндегі он ҮЕҰ басшыларымен бірқатар негізгі мәселелер бойынша неғұрлым терең сұхбат пайдаланылды.

Берілген жауаптардың елеулі пайызы (127) Қазақстанда жұмыс істейтін халықаралық ұйым ретінде ЮНИСЕФ қызметіне ҰЕҰ-лардың қызығушылық деңгейі жоғары екенін көрсетеді, консультациялар процесі ЕТҰ-лардың елдегі ЮНИСЕФ бағдарламалары мен қызметінің түрлері туралы хабардарлық деңгейінің төмен екенін анықтады. Оның үстіне, көптеген ҰЕҰ-лардың Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің жұмысы туралы айтарлықтай деңгейде аз білетінін атап өткеніне қарамастан, олар осы ұйыммен ақпараттық өзара іс-қимылды (ақпараттық жөнелтілімдер мен электронды пошта арқылы) және бірлескен жұмысты кеңейту мүмкіндіктеріне ыждаһаттылықпен қарайды. ҰЕҰ-лардың ЮНИСЕФ-пен тең құқылы серіктестер ретінде жұмыс істеуін мүмкін деп санайсыз ба деген сұраққа берілген жауаптар әр қилы болса да, ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастықтың негізгі күтілетін бағыты ҰЕҰ-лардың әлеуетін құру, дамыту және нығайту болды. Мұндай пікірлер негізінен жұмыс тәжірибесі аз ғана ҰЕҰ-ларға тән. Әлеуетті дамытуға қажеттіліктің жоғары болуын елдегі жалпы жағдаймен түсіндіруге болады, он жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда қазіргі кезде ҰЕҰ-ларды қаржыландырушы халықаралық ұйымдар санының азаюына, соған сәйкес, жаңадан құрылған үкіметтік емес ұйымдар мен қалыптасу кезеңіндегі ҰЕҰ-лар үшін мұндай мүмкіндіктердің азаюына байланысты олардың жаңа дағдыларға ие болу және іс жүзінде ақпарат алмасу мүмкіндігі барған сайын азаюда.

Тұтастай алғанда, ҰЕҰ-лар мұндай консультацияларды өткізіп тұруды қолдады. Қойылған сұрақтар қоғамдық ұйымдар үшін айтарлықтай маңызды болып шықты, ол терең әрі пайдалы талқылаулар мен қорытындылар жасауға әсерін тигізді. Өңірлердегі ҰЕҰ-лар көбінесе өздерін тұйықталып, оқшау қалғандай сезінеді, оларды «ірі ұйымдар» көзге ілмейді; солай бола тұрса да, ҰЕҰ-лар өздерінің әлеуеттері мен білімдерін көрсеткендіктен, сондай-ақ арнайы қызмет салалары аясындағы мәселелерді шешуге үлес қосқандықтан, консультацияларға оң баға берілді. Сұхбатқа қатысқан барлық ҰЕҰ-лар мұндай сұхбаттар мен консультациялардың жүйелі түрде жүргізіліп отыруы дұрыс деген ниет білдірді.

Бұл есепте міндеттерге қысқаша шолу жасалып, консультациялардың әдіснамасы, сондай-ақ сауалдамалар мен кешенді сұхбаттардың қорытындылары бойынша негізгі нәтижелер мен түйіндер берілді. Консультациялардың нәтижелері ЮНИСЕФ пен ҰЕҰ/АҚҰ арасындағы ынтымақтастықты кеңейту әлеуетін бағалау үшін де, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің Орта мерзімді шолу жасау үдерісіндегі стратегиялық жоспарлауы аясындағы ақпарат көздері ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

Міндеттер мен әдіснама

Консультациялардың мақсаттары

ҮЕҰ/АҚҰ-мен консультациялар жүргізуде мынадай мақсаттар көзделді:

- ЮНИСЕФ пен ҮЕҰ-ның қызметінің мақсаты балалардың, жастардың және әйелдердің мүдделерін көздеу болып келетін жобалар аясындағы ынтымақтастығының тиімділігін арттыру тәсілдеріне қоғамдық ұйымдардың көзқарасын анықтау;
- ЮНИСЕФ-тің Қазақстанда іске асырылатын бағдарламаларының әлеуетін нығайтуға қатысты ҮЕҰ/АҚҰ-ның көзқарастарын түсіну.

Әдіснама

Қазақстанның ҮЕҰ-ларымен онлайн-сауалдама деректер қорын пайдалана отырып, ақпараттық жөнелтілімдердің көмегімен таратылатын шақыру хаттар мен хабарландырулар арқылы жүргізілді. Қоғамдық ұйымдар үшін қызығушылық туғызатын салаларды зерттеу және сауалдама жүргізу барысында алынған жауаптарды егжей-тегжейлі қарастыру мақсатында неғұрлым тереңдетілген консультациялар жүргізу үшін ЮНИСЕФ консультанты ҮЕҰ өкілдерімен телефон арқылы сұхбаттар жүргізді. Бір ай бойында жүргізілген онлайн-сауалдама барысында 127 ҮЕҰ-дан жауап алынды. Сұхбатқа түрлі өңірлерден (Қостанай, Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Астана) он ҮЕҰ өкілдері қатысты. Респонденттердің арасында ҮЕҰ ресурстық орталықтарының өкілдері, ауылдық жерлер мен қалаларда жастармен, балалармен және әйелдермен жұмыс жасайтын зерттеу ұйымдары мен ҮЕҰ-лар болды.

Сауалдамалардың қорытындылары бойынша нәтижелер мен түйіндер

Төменде 127 ҮЕҰ/АҚҰ-мен өткізілген сауалдамалардың қорытындылары бойынша негізгі түйіндер мен нәтижелер берілді.

ҮЕҰ/АҚҰ қызметінің бағыттары мен мақсатты топтары

Сұрақтарға жауап берген ҮЕҰ көпшілігі олардың қызметінің бағыттары білім беру және денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетумен, консультациялар берумен, білім беру іс-шаралары мен тренингтер өткізумен байланысты екенін хабарлады. Барлық дерлік ҮЕҰ-лардың мақсатты топтары балалар мен жастарды, сондай-ақ әйелдерді қамтиды. 20-ға жуық респондент өздерін ҮЕҰ-ның институционалдық даму саласындағы зерттеулері бойынша маманданып жүрген және/немесе жұмыс істейтін ҮЕҰ-лар қатарына жатқызды.

1-кесте. ҮЕҰ-ның ЮНИСЕФ қолдауына мұқтаж болатын қызметінің бағыттары

ЮНИСЕФ қолдау көрсететін салалар	ҮЕҰ –ның мамандану салалары					
	Әлеуметтік қорғау	Зерттеулер	Адам құқықтары және құқықтық қолдау	Білім беру (тренингтер мен семинарлар)	Репродуктивті денсаулық	БАР-ЛЫҒЫ
Әлеуетті нығайту	75.0%	77.4%	83.3%	72.3%	81.8%	73.1%
Ұйымдық/институционалдық даму	55.8%	61.3%	52.8%	55.4%	68.2%	56.5%
Қаржылық ресурстарды тарту бойынша дағдыларды дамыту	50.0%	51.6%	52.8%	51.8%	72.7%	50.9%
Зерттеу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру	63.5%	77.4%	77.8%	53.0%	54.5%	51.9%

ҮЕҰ-ның ЮНИСЕФ қолдауына мұқтаж болатын қызметінің бағыттары

Респонденттердің жартысынан сәл асатын бөлігі сауалдамаға дейін ЮНИСЕФ туралы білгеніне қарамастан, ҮЕҰ-лардың 90%-ға жуығы ҮЕҰ-лардың жұмысында балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыру аясында ЮНИСЕФ-тің әлеуетін сезінеді. Бұл қызметті ҮЕҰ-лардың әлеуетін нығайту мен олардың институционалдық және ұйымдық дамуына техникалық көмек көрсету арқылы жүзеге асыру ұсынылды (1-кестені қараңыз). ҮЕҰ сондай-ақ зерттеулер жүргізуге қажетті дағдылар мен білімдерді қалыптастыруда ЮНИСЕФ тарапынан қолдау күтеді. Сауалдамаға сәйкес, ҮЕҰ-лар ірі донор ұйымдар олардың әлеуетінің дамуы мен нығайында маңызды рөл атқара алады деп санайды. Тек ҮЕҰ-лардың аз ғана бөлігі қызметін өз бетінше жүзеге асыруға әлеуетіміз мен мүмкіндіктеріміз жеткілікті деп санайды және өздерін халықаралық ұйымдардың тең құқылы серіктестері ретінде көреді.

Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы хабардарлық

Жоғарыда атап кеткендей, респонденттердің жартысына жуығы ЮНИСЕФ туралы белгілі бір түсініктерінің бар екенін көрсеткен. ҮЕҰ-лардың шамамен 26%-ы бұл ұйым туралы хабардарлық деңгейінің төмен екенін хабарлаған, 35%-ы ЮНИСЕФ туралы жақсы білетінін, бірақ бұл ұйыммен ешқашан жұмыс істеп көрмегенін айтқан, тек ҮЕҰ-лардың 20%-ы ғана ЮНИСЕФ өткізетін іс-шараларға қатысқаны туралы айтқан. Респонденттердің бірі былай дейді: «Біз ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы жаһандық ауқымда білеміз, бірақ Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің нақты немен айналысатыны туралы ешқандай түсінігіміз жоқ».

127 ұйым-респонденттің тек 20-сы ғана бірлескен ынтымақтастықтың оң тәжірибесін атап көрсете отырып, ЮНИСЕФ-пен бірлесіп жұмыс істегенін айтады. Ұйымдардың аз ғана бөлігі (11 ҮЕҰ) өздерін ЮНИСЕФ қызметі туралы хабардарлық деңгейі жоғары құрылымдарға жатқызды, респонденттердің көпшілігі (78%-ға жуығы) ЮНИСЕФ-тің жұмыс істеу әдістері мен ол өткізетін іс-шаралар туралы көбірек білу туралы ниеттерін білдірді. Бұдан шығатын қорытынды – ҮЕҰ-ларға ЮНИСЕФ бағдарламалары туралы ақпараттың жеткіліксіз болуы. ЮНИСЕФ-тің өз қызметі аясында қолданатын әдістері мен бағыттары, сондай-ақ жергілікті ҮЕҰ-лар осы бағдарламаларға қосылып, ЮНИСЕФ-тің серіктестері бола алатыны туралы нақты түсінік жоқ.

Қазақстандағы ЮНИСЕФ туралы ақпарат тарату

ЮНИСЕФ қызметі туралы хабардарлықтың болмауын негізінен ЮНИСЕФ туралы ақпаратты YEҰ-лардың аз ғана бөлігінің алатынымен түсіндіруге болады. 2-кестеде YEҰ-лардың ЮНИСЕФ-тің қолданыстағы веб-беті мен әлеуметтік желілердегі тиісті беттері туралы хабардар болу деңгейінің төмен екендігі көрсетілген. 127 YEҰ-ның жүзі (100) ЮНИСЕФ өткізетін іс-шаралар туралы ақпаратты ай сайын алып тұрғысы келетінін атап көрсеткен. Мұның үстіне олар үшін неғұрлым танымал ақпарат көзі әлеуметтік желілер мен веб-беттерге қарағанда басымдық берілетін жөнелтілімдер болып табылады. Бұл YEҰ-лардың көпшілігінің интернетке сапалы түрдегі қолжетімділігінің болмауына және/немесе ақпарат көздері ретінде әлеуметтік желілер мен веб-сайттарды пайдалана білу тәжірибесінің жоқтығына байланысты. Сәйкесінше, ұсынымдардың бірі ЮНИСЕФ қызметі мен бағдарламалары туралы ақпаратты қоғамдық ұйымдарға ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень ретінде жіберу арқылы таратуға келіп тіреледі.

2-кесте. YEҰ-лардың ЮНИСЕФ-тің веб-сайты мен оның әлеуметтік желілерге қатысуы туралы хабардарлық деңгейі

Сіз ЮНИСЕФ-тің веб-сайты және ұйымның әлеуметтік желілердегі беттері туралы білесіз бе?	YEҰ-лардың мамандануы					
	Әлеуметтік қорғау	Зерттеулер	Адам құқықтары және құқықтық қолдау	Білім беру (тренингтер мен семинарлар)	Репродуктивті денсаулық	БАР-ЛЫҒЫ
Да	32.7%	33.3%	37.1%	41.5%	30.4%	37.4%
Нет	57.7%	60.0%	48.6%	45.1%	60.9%	50.5%
Не знают, что ответить	9.6%	6.7%	14.3%	13.4%	8.7%	12.1%
Не хотят отвечать	0.0%	0.0%	0.0%	0.0%	0.0%	0.0%

ҮЕҰ-ның Қазақстандағы ЮНИСЕФ-пен өзара серіктестік іс-қимылы

ҮЕҰ-лардың шамамен 78%-ы ЮНИСЕФ-пен балалардың және әйелдердің құқықтарын қорғау мен олардың мүдделерін ілгері жылжыту жөніндегі қызметте күш-жігерлерін біріктіру саласындағы ынтымақтастыққа барынша мүдделі, оның үстіне ЮНИСЕФ-ке ҮЕҰ-лардың мүдделерін барынша жоғары үкімет деңгейінде білдіру құқығы берілген. Жергілікті ұйымдар да зерттеу жұмыстарына қатысқысы және бірлескен қызмет саласындағы білімдері мен тәжірибелерімен бөліскісі келеді (төмендегі 3-кестені қараңыз). ҮЕҰ-лар ЮНИСЕФ қызметінің балалар мен әйелдерді әлеуметтік қорғау, балаларға арналған әлеуметтік саясатты әзірлеу және балалар мен жастар мәселелерін шешуге бағытталған жобаларда өзара серіктестік қарым-қатынастар құру секілді бағыттарындағы ынтымақтастыққа ниет білдірді. ҮЕҰ-лар ЮНИСЕФ-тің зерттеу жобаларына жоғары баға береді және бұл зерттеулер олардың жұмысы үшін маңызды деп санайды. Мұны Қазақстандағы балалар мен әйелдердің жағдайы туралы өзекті әрі объективті ақпараттың жоқтығымен түсіндіруге болады. ҮЕҰ мұндай ақпаратты алуға барынша мүдделі, мұның үстіне олардың кейбіреулері зерттеу жүргізу аясында ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдірді. Бірлескен зерттеу жобалары ҮЕҰ-ларға бірте-бірте өздерінің зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және үкімет пен қоғамдастықтарды қоса алғанда, бүкіл мүдделі тараптар пайдалана алатындай сапалы материалдар дайындауға көмектескен болар еді.

3-кесте. ҮЕҰ-ның Қазақстандағы ЮНИСЕФ-пен өзара серіктестік іс-қимылы

Өзара серіктестік іс-қимыл салалары	ҮЕҰ-лардың мамандануы					
	Әлеуметтік қорғау	Зерттеулер	Адам құқықтары және құқықтық қолдау	Білім беру (тренингтер мен семинарлар)	Репродуктивті денсаулық	БАРЛЫҒЫ
Елдегі әйелдер мен балалар мәселелері бойынша ақпарат алмасу	58,0%	60,0%	55,6%	55,6%	63,6%	53,8%
Зерттеулер жүргізу	68,0%	93,3%	83,3%	60,5%	77,3%	58,8%
Әйелдер мен балалардың мүдделері мен құқықтарын барлық деңгейлерде бірлесіп ілгері жылжыту	84,0%	86,7%	88,9%	81,5%	86,4%	78,2%

Зерттеулердің бағыттары

Бірлескен зерттеулер жүргізу үшін ҰЕҰ-лар ЮНИСЕФ-ке мынадай бағыттарды ұсынды: «Балалар мен жастарға арналған әлеуметтік саясат пен мақсатты бағдарламалардың тиімділігіне талдау жасау», «Балалар мен әйелдердің проблемаларын шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жүргізу», «Медициналық және әлеуметтік қызмет көрсетуде және білім алу мүмкіндігіне қол жеткізудегі кәметке толмаған аналардың проблемалары», «АИТВ-мен өмір сүретін балалардың мұқтаждықтары».

Жан-жақты сұхбаттардың қорытындылары бойынша негізгі нәтижелер мен түйіндер

2013 жылдың шілде-тамыз айларында еліміздің әр өңіріндегі түрлі қызмет салаларымен айналысатын 10 ҰЕҰ-дан сауалдама алынды. Іріктеліп алынған 10 ҰЕҰ-ның екеуі (2) - зерттеу ұйымдары, төртеуі (4) - жастар ұйымдары, үшеуі (3) - гендерлік теңдік мәселелерін ілгері жылжыту саласында жұмыс істейтін ҰЕҰ-лар, біреуі (1) -қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі ұйым. Барлық сұхбаттар телефон арқылы жүргізілді және респонденттердің рұқсатымен құжаттар бойынша ресімделді.

Сұхбат жүргізу консультациялар негізінде жатқан өзекті мәселелерді мейлінше тереңірек зерттеуге, сондай-ақ сауалдама жүргізу барысында алынған мейлінше қызықты жауаптарға неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жасауға мүмкіндік берді. Сұхбат барысында ҰЕҰ-лардың өз жұмыстарында кездесетін қиындықтарын түсіну, олардың «өзара серіктестік іс-қимыл», «әлеуетті нығайту» секілді ұғымдарға қатысты көзқарастарын білу, сондай-ақ ЮНИСЕФ-пен өзара ақпараттық іс-қимылды жақсарту дегенді қалай елестететінін түсіну үшін бірқатар сұрақтар қойылды. Негізгі нәтижелер мен түйіндер төменде келтірілді.

ҮЕҰ-лар бетпе-бет келетін қиындықтар және жақсартуды талап ететін қызмет салалары

ҮЕҰ-лардың өз қызметтері аясында бетпе-бет келіп, кездесетін қиындықтарды, сондай-ақ осы мәселелерді шешуде ҮЕҰ мұқтаж болатын қажетті көмек мөлшерін түсіну үшін сұхбат аясында ҮЕҰ-лар жұмыс жасап жатқан міндеттер мен проблемалар туралы сұрақтар қойылды. ҮЕҰ-лардың көпшілігі халықтың осал топтарынан шыққан (жетімдер, жұмыссыздар, ауыл жастары және қолайсыз отбасынан шыққан балалар) жастардың мақсатты топтарына бағытталған жобаларға табан тірейтіні анықталды. ҮЕҰ-лардың барлығы дерлік не қауіптілік деңгейі жоғары мінез-құлықтың өзгеруіне (оңалту), немесе балалар мен жастарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға (зерттеулер, мониторинг, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу) қатысты жұмыс істейді.

Екі сала да алуан түрлі дағдылар мен білімді дамытуды көздейді: (а) балалармен жұмыс бойынша экспериментальды оқыту немесе дайындық бағдарламаларын әзірлеу; (б) бағдарламалардың әлеуетін өсіру (жобаларды/бағдарламаларды басқару, мониторинг және бағалау, зерттеулер және талдамалық дағдылар, пән бойынша айырықша білім).

Іріктеп алған қызмет бағыттарын назарға ала отырып, респонденттер проблемалардың тізімін және оларды шешудің мүмкін болатын жолдарын ұсынды:

Проблемалар	Шешімдер (қызметтің сырттан көмек қажет болатын әлеуетті салалары)
Сыртқы дереккөздерден алынатын жаңа білім мен ақпараттың болмауы. ҮЕҰ-лардың көпшілігі өздерін сол бұрыннан белгілі ақпарат пен құрылым негізінде ұзақ уақыт бойында (5-10 жыл) белгілі бір салада жұмыс жасап келеміз деп санайды. Бұл әрі қарай алға жылжуда тоқырау сезімін және белгілі бір қиындықтарды туғызады.	Осы тектес мамандандудың салаларында жұмыс істейтін ҮЕҰ-лар өз қызметтерін үйлестіріп, ақпарат алмасатын және жаңа құралдармен таныса алатын тұғырнама құруды (конференциялар, семинарлар немесе дереккөздердің электронды базасы) қамтамасыз ету. Олар сондай-ақ дәл осындай мамандандудан өткен басқа ұйымдарды шақыра алады,

	<p>олармен серіктестіктер құрып, бағалау жүргізіп, заманауи технологияларды пайдалана отырып, оқыта/тренингтер жүргізе алады. Мұндай іс-шараларға және/немесе серіктестік жобаларға қатысуға ауылдық өңірлерден шалғайдағы YEҰ-ларды тарту маңызды.</p>
<p>Ынтымақтастықтың болмауы немесе жергілікті органдардың балалармен және жастармен жұмыс жасауда өзгерістерге не балама тиімді бағыттарды пайдалануға қарсылық білдіруі.</p>	<p>Шалғай жерлердегі немесе ұлттық YEҰ-лардың, сондай-ақ ұқсас тақырыптық бағыттар аясында жұмыс істейтін жетекші ұйымдардың проблемаларын шешу бойынша күш-жігерді үйлестіру. Барлық деңгелердегі бірлескен іс-қималдардың көмегімен кедерлерді анықтау және жойу. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды қоса алғанда, жалпы ұлттық деңгейден бастап жергілікті дейгейді қоса алғанда мүдделі тараптарды хабардар ету.</p> <p>Барлық деңгейлердегі проблемаларды шешу арқылы жүйеде өзгеріс жасауға бағытталған бағдарламаларды бірлесіп әзірлеуге қатысу.</p>
<p>Қазақстандағы балалар мен жастардың жағдайлары туралы сенімді деректердің болмауы. YEҰ шағын зерттеулерге бастамашылық жасауға, сондай-ақ жергілікті жерлердегі балалар мен жастардың мұқтаждықтарына бағалау жүргізуге тырысты. Алайда бұлар толық сенімді деректер болып табылмайды, әрі көп күш салуды, едәуір ресурстар тартуды қажет етеді. Соның салдарынан бұл үдеріс аяқталған жоқ, ал жиналған деректердің сапасы төмен.</p>	<p>YEҰ-мен және серіктестермен бірлесіп сапалы және сандық зерттеулер жүргізу үшін тренингтер жүргізу, құралдар мен әдіс-тәсілдерді пайдалану.</p> <p>Аталған бағытта жұмыс істеп жатқан мүдделі жергілікті YEҰ-ларды тарта отырып, зерттеу жобаларына бастамашылық жасау.</p> <p>YEҰ мен мемлекеттік ұйымдар арасында қолда бар (аяқталған) зерттеу нәтижелері мен есептерді жариялау және тарату.</p>

ҮЕҰ-лардың орнықты даму үшін мүмкіндіктері мен әлеуеттері жоқ. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар ашық емес әрі «кері қайтару» (пара) және ілеспе жобалардың келісілмеуі секілді тежегіш факторлардың көп болуына байланысты. ҮЕҰ-лардың тиімді қаржыландыру көздерін өз бетімен тарту саласындағы құралдары мен білімдері жеткілікті емес. Қайтадан құрылған ҮЕҰ-лардың ұйымдастырушылық қолдау көрсету гранттары жоқ, бұл оларды қаржыландыру ауқымды болған және әлеуетті құру мен нығайтуға мүмкіндік болған осыдан 5-10 жыл бұрынғы кезбен салыстырғанда мейлінше қауқарсыз етеді.

Балалар мен жастарды дамытуға қолдау көрсету жөніндегі әлеуметтік тапсырыстың мемлекеттік бағдарламаларына жүйелі мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.

Қаржы ресурстарын іздестіру және тарту, сондай-ақ сырттан демеушілер тарту стратегиясын әзірлеу бойынша дағдылар мен білікті дамыту үшін тренингтер ұйымдастыру. Сонымен қатар жобаларды әзірлеу мен басқару бойынша тренингтер ұйымдастыру, балалар мен жастар проблемаларын шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламаларды бағалау және оларға мониторинг жүргізу бойынша тренингтер өткізу қажет.

ҮЕҰ-ны дамытуға қажетті жаңа құралдар мен ағыттарды бірлесіп пайдалану.

Үкіметтік емес ұйымдардың «өзара серіктестік іс-қимыл» және «әлеуетті нығайту» тұжырымдамалары туралы түсінігі

ЮНИСЕФ пен ҮЕҰ/АҚҰ арасындағы өзара серіктестік іс-қимылдар мен ынтымақтастықты нығайту бойынша әлеуетті мүмкіндіктерді мейлінше терең зерттеу үшін сұхбатқа қоғамдық ұйымдар «өзара серіктестік іс-қимыл» және «әлеуетті нығайту» ұғымдарына қандай мағына сыйғызатыны туралы сұрақтар енгізілді. Респонденттер «өзара серіктестік іс-қимыл» терминін түрліше сипаттаған. Қомақты кәсіби тәжірибесі мен өз саласында ұзақ уақыт жинақтаған дағдылары бар ҮЕҰ-лар бұл терминді ортақ проблемаларды шешуге немесе бірлескен мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ынтымақтастықтың нысаны ретінде анықтаған. Мұндай түсінік сондай-ақ ресурстар (адами, ақпараттық, функционалдық) алмасудан және оларды бірлесіп пайдаланудан, сонымен бірге бір-бірінің іс-қимылдарын толықтырудан тұрады. Мысалы, ҮЕҰ-лар зерттеу жобаларына қатысуға, жастар, балалар және әйелдерге қатысты қолда бар ақпаратпен алмасуға, сонымен қатар Қазақстандағы әйелдер мен балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі жобаларды бірлесіп әзірлеуге мүдделі екендігін білдірді. Аталған ҮЕҰ басшыларының әлеуетті өзара серіктестік іс-қимылдағы өзінің рөлі туралы нақты түсініктері бар. Олар сондай-ақ бірлесіп пайдалану үшін қажетті ресурстары мен ақпараттарының бар екенін, өздерінің күшті жақтарын түсінетінін, серіктестікте тең құқылы рөл атқаруға дайын екендіктерін білдірді.

Екінші жағынан, әлеуеттері мен тәжірибелері аз, сондай-ақ іске асырылған жобаларының саны да көп емес ҮЕҰ-лардың өзара серіктестік іс-қимыл туралы түсініктері мүлдем өзгеше. Мұндай ҮЕҰ-лардың басшылары өздерін даму және ойдағыдай жұмыс істеу үшін көмек қажет ететін құрылым ретінде көрсетеді. Бұл ұйымдар гранттар мен ресурстар беру және ҮЕҰ қызметкерлерінің әлеуетін дамытуға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету ретіндегі серіктестіктің аспектілерін атап көрсетті. Олар өздерін жеке үлес қоса алатын тең құқылы тарап ретінде емес, дұрысында, пассив қатысушылар ретінде қарастырады. Басқаша айтқанда, өздерінің серіктестік туралы қазіргі түсініктеріне сүйене отырып, бұл ҮЕҰ-лар алушылардың рөлін ойнағанды дұрыс көреді. 10 ҮЕҰ-ның тек төртеуі (4) ғана өздерін жобаларды іске асыру аясында тең құқылы серіктес ретінде көрсете білді.

Қалған ҮЕҰ-лар негізінен «өзара серіктестік іс-қимыл» түсінігіне мағынасы жағынан «алушы» деген түсінікке жақын анықтама берді. Сұхбатқа қатысқан бірқатар ҮЕҰ біршама жас екенін және осы кезеңде ірі ұйымдармен өзара серіктес іс-қимыл тұрғысынан тәжірибесінің аздығын еске ала отырып, бұл нәтижелерді мәнмәтінде қарастыру қажет. Солай бола тұрса да, көптеген ҮЕҰ-лардың өз әлеуеттерін күшейтуде пайдалана алатын материалдар мен ақпарат алу үшін көбінесе күш салуына тура келеді.

Респонденттерге сондай-ақ «әлеуетті нығайту» терминін қалай түсінетіні туралы сұрақ қойылды. «Өзара серіктестік іс-қимыл» жағдайындағы секілді мұнда да респонденттер екі түрлі түсінік ұсынды. ҮЕҰ-лардың көпшілігі (онның жетеуі) бұл терминді бағдарламаны іске асыру немесе жоба бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті білік пен мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде түсінеді. Олар «әлеуетті нығайту» терминіне зерттеу жүргізуге қабілеттілік, нақты бағыттардағы жобаларды немесе бағдарламаларды әзірлеу (мысалы, жетімдермен жұмыс), бағалау құралдарына қажеттілік және жобаны немесе бағдарламаны кәсіби деңгейде іске асыруға қабілеттілік секілді мысалдар келтірді. Солай бола тұрса да, қаржыландыру ұйымдарымен аз ғана өзара іс-қимыл тәжірибесі бар кейбір ҮЕҰ-лар «әлеуетті нығайту» терминін жаңа компьютерлік технологиялармен немесе жабдықтармен (мысалы, шағын дербес компьютерлер мен көшіріп басу техникасы) байланысты аспект ретінде түсінеді.

Үкіметтік емес ұйымдардың ақпараттық өзара іс-қимыл стратегиясын жақсарту бойынша пайымдауы

ҮЕҰ-лар бірнеше проблемаларды белгілеп, ЮНИСЕФ-пен өзара неғұрлым сапалы ақпараттық іс-қимыл жасау үшін мынадай шешімдерді ұсынды:

А. ҮЕҰ-лардың бірінің басшысы «ЮНИСЕФ-тің қызметі ҮЕҰ-лармен қабыспайтынын, олардың қызметтерінің арасында түйісу нүктесінің жоқ екенін» атап көрсеткен әрі респонденттер ЮНИСЕФ жабық ұйым, оның іс-қимылдарының, бағдарламалары мен жобаларының сипаты айқын емес, бұл ақпарат алмасу үшін белгілі бір кедергідер келтіреді» деп санайды. ҮЕҰ-ларға сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің бағдарламалары мен іс-шараларына

кімдердің қатыса алатыны және қалай қатыса алатыны туралы критерийлер де анық емес, түсініксіз. Респонденттер бағдарламаларды қайта қарап, тек Алматы мен Астана қалаларында орналасқан жетекші ҰЕҰ-лармен емес, сондай-ақ басқа қалалар мен облыстардағы ҰЕҰ-лармен ашық үнқатысуды бастау туралы тілектерін білдірді. ҰЕҰ-лар үнқатысу арқылы ынтымақтастықтың жалпы мүдделері мен бағыттарын анықтауды, оның ішінде ЮНИСЕФ-тің бағдарламаларды әзірлеуін және онда ҰЕҰ-лармен ынтымақтастықтың сипаты серіктестер және/немесе қатысушылар ретінде нақты анықталуын ұсынды.

- B. ҰЕҰ көрсеткен екінші проблема – оларға елдегі ЮНИСЕФ қызметі туралы ақпараттың берілмейтіндігі. ҰЕҰ-лар ЮНИСЕФ үкімет деңгейінде көптеген қызықты әрі пайдалы жобаларды іске асырады деп санайды. Оның үстіне, өз қызметтерін өңірлерде жүзеге асыратын ҰЕҰ-лар бұлар туралы ештеңе білмейді. ҰЕҰ жергілікті билік органдарымен және мемлекеттік мекемелермен өзінің жұмысында пайдалануы мүмкін болғандықтан, мұндай ақпарат өте пайдалы әрі құнды болған болар еді. Респонденттер жүйелі түрде беріліп отыратын ақпараттық жөнелтілімдер мен электронды бюллетеньдер арқылы Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы ақпарат алғысы келеді. Мұндай бюллетеньдер әрбір облыстағы ҰЕҰ-ның ресурстық орталықтары арқылы тікелей немесе «Бота» не «Сорос» қорлары секілді басқа демеушілер әзірлеген алуан түрлі балама жөнелтілімдер арқылы таратылған болар еді.
- C. ҰЕҰ/АҚҰ ЮНИСЕФ-тің веб-сайты пайдаланушылар үшін аса ыңғайлы емес екенін, ал ұйымның әлеуметтік желілердегі беттеріндегі ақпараттың берілуі жеткіліксіз, ҰЕҰ-ның іс жүзінде қызығушылығын туғызатын ақпарат жоқ деген пікір білдірді. Респонденттер ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы балалар мен жастар проблемалары саласындағы зерттеулер туралы көбірек ақпарат орналастырса деген тілегін білдірді. ҰЕҰ басшылары сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің үкімет деңгейінде құқықтарды қорғау жөніндегі қызметі туралы ақпарат алғысы келетінін атап көрсетті.
- D. Респонденттер жалпы мүдделер мен мақсаттарды білдіретін мәселелер бойынша үкіметтің, ҰЕҰ демеушілерінің арасындағы үнқатысуларға қатыса алатындай ашық іс-шараларды көбірек көргісі келетіндерін атап көрсетті. Олар сонымен бірге ЮНИСЕФ-ке Қазақстандағы балалар мен жастарға қатысты жетістіктер мен олардың проблемалары туралы жыл сайын берілетін есептерін жариялауды ұсынды.

Қосымша

Онлайн-сауалдамаға арналған сауалнама

Қазақ тіліндегі сауалдамаға сілтеме: <https://www.surveymonkey.com/s/TBQFX9G>

Орыс тіліндегі сауалдамаға сілтеме: <https://www.surveymonkey.com/s/TBRQNLW>

1. Сіздің ұйымыңыздың атауы _____
2. Сіздің ұйымыңыздың шамамен алғандағы тіркелген немесе жұмыс істеуді бастаған уақыты _____
3. Ұйымыңыздың негізгі қызмет ету салаларын таңдаңыз (Сіздің ұйымыңыз үшін негізгі салалар болып табылатын 4-5 бағытты таңдаңыз)
 - a. Денсаулық
 - b. Білім беру
 - c. Мәдениет
 - d. Қоршаған орта
 - e. Әлеуметтік қорғау
 - f. Зерттеулер
 - g. Қайырымдылық және кедейлерге көмек
 - h. Адам құқықтары және заңдық консультациялар
 - i. Тренингтер
 - j. Әлеуметтік оңалту және екінші қайтара әлеуметтену
 - k. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оңалту
 - l. Әлеуметтік қызметтер мен консуьтациялар

- m. Медиа саласындағы жұмыс
- n. Отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық
- o. ҮЕҰ-ны институционалдық дамыту
- p. Шағын және орта кәсіпкерлікті, кәсіби бірлестіктер мен қауымдастықтарды дамытуға қолдау көрсету
- q. Әлеуметтік кәсіпкерлік
- r. Басқа, көрсетіңіз: _____

4. Сіздің ұйымыңыз үшін басым болып табылатын мақсатты топтарды таңдаңыз (Сіздің ұйымыңыз үшін мейлінше басым топтарды ғана көрсетіңіз):

- a. Негізінен ауылдықтар
- b. Негізінен қалалықтар
- c. Ауылдықтар да, қалалықтар да
- d. Ерекше мұқтаждықтары бар адамдар
- e. Тұтастай алғанда, әйелдер мен балалар
- f. Тұтастай алғанда, жасөспірімдер мен жастар
- g. Негізінен, тұтастай алғанда, осал топтардағы жастар мен жасөспірімдер
- h. Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан әйелдер мен балалар
- i. Осал жастар
- j. АИТВ-мен өмір сүретін немесе АИТВ/ЖИТС-тен зардап шеккен адамдар
- k. Егде адамдар
- l. Азшылық (этникалық, діни, сексуалдық және т.б.)
- m. Адамдардың басқа осал санаттары, көрсетіңіз: _____

5. Сіз ЮНИСЕФ туралы не білесіз және ЮНИСЕФ-пен өзара іс-қимыл жасау бойынша тәжірибеңіз болды ма?

- a. Жоқ, біз Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы ештеңе білмейміз
- b. Иә, біз білеміз, бірақ тым аз

- c. Иә, біз Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы жақсы хабардармыз, бірақ бірлесіп жұмыс істеген емеспіз
 - d. Иә, біз Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы жақсы білеміз және олардың қызметіне қатысамыз
 - e. Иә, біз Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің қызметі туралы білеміз және ол ұйыммен бірлесіп жұмыс істедік
 - f. Білмеймін
 - g. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
 - h. Егер басқа болса, көрсетіңіз _____
- Егер d) және/немесе e) нұсқалары таңдалса:

6. Өзіңіздің ЮНИСЕФ-пен бірлесіп жұмыс істеген ынтымақтастығыңызды қалай бағалайсыз?

- a. Оң және пайдалы
 - b. Жалпы бұл жақсы тәжірибе болды, бірақ одан да жоқсы болуына болар еді
 - c. Жағымсыз
 - d. Жауап беруге қиналамын
 - e. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
 - f. Егер басқа болса, көрсетіңіз _____
- Егер c) нұсқасы таңдалса:

7. Тәжірибенің жағымсыз болғаны туралы пікіріңізді толығырақ айтып беріңізші _____

8. Қазақстандағы ЮНИСЕФ қолданатын әдістер туралы білесіз бе, көбірек білгіңіз келе ме?

- a. Жоқ, білмейміз
 - b. Иә, білеміз
 - c. Біздің көбірек білгіміз келеді
 - d. Білмеймін
 - e. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
 - f. Егер басқа болса, көрсетіңіз _____
- Егер c) нұсқасы таңдалса:

9. Қазақстандағы ЮНИСЕФ қолданатын әдістер туралы нақты нені білгіңіз келеді? _____
10. Қазақстандағы ЮНИСЕФ қызметінің қандай салалары сіздің ұйымыңыздың басымдықтарына жақын?
- a. Балаларды әлеуметтік қорғау/балаларды қорғау
 - b. Ювеналды әділет
 - c. Ерекше мұқтаждықтары бар балаларға қолдау көрсету
 - d. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау
 - e. Балаларға арналған әлеуметтік саясат
 - f. Тәрбие және даму
 - g. АИТВ-ның алдын алу және АИТВ-мен өмір сүретін әйелдер мен балаларға арналған қызмет
 - h. Ана мен баланың тамағы (оның ішінде қан аздығы және емшек емізу)
 - i. Балаларға арналған серіктестік
 - j. Әйелдер мен балалардың жағдайлары туралы хабардарлықты арттыру
 - k. Егер басқа болса, көрсетіңіз _____
11. Сіздің ойыңызша, ЮНИСЕФ әйелдер мен балалардың мүдделерін ілгері жылжытуда Қазақстандағы ҰЕҰ-ға қолдау көрсете ала ма?
- a. Иә
 - b. Жоқ
 - c. Білмеймін
 - d. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
12. Сіздің ұйымыңыз үшін әйелдер мен балалардың мүдделерін ілгері жылжыту мақсатындағы ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастықтың қандай түрлері немесе жаңа әдістері қызықты болды?
- a. Елдегі әйелдер мен балалардың жағдайлары туралы ақпаратпен алмасу
 - b. Зерттеулер

- c. Егер бұл мүмкін болса, тақырыпты немесе зерттеу саласын анықтаңыз _____
- d. Балалар мен әйелдердің проблемалары бойынша түрлі деңгейлерде бірлесіп сөз сөйлеу
- e. Егер басқа болса, көрсетіңіз _____
Егер а) нұсқасы таңдалса:

13 . Әйелдер мен балалардың мүдделерімен байланысты мәселелерде ЮНИСЕФ ҮЕҰ-ларға қалай қолдау көрсете алады? _____

14 . Әйелдер мен балалардың құқықтарын ілгері жылжыту үшін сіздің ұйымыңызға қандай қолдау түрі қажет?

- a. Әлеуетті дамыту
- b. Институционалдық даму
- c. Фандрейзинг бойынша тренинг
- d. Зерттеу жүргізуге қолдау көрсету
- e. Басқа, көрсетіңіз _____

15 . Сіз Қазақстандағы ЮНИСЕФ –тің қызметі туралы жеткілікті ақпарат аласыз ба?

- a. Иә
- b. Жоқ
- c. Білмеймін
- d. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
- e. Басқа, көрсетіңіз _____

16 . Сіз Қазақстандағы ЮНИСЕФ туралы ақпаратты, оның ішінде зерттеулердің, бағдарламалардың және т.б. нәтижелері туралы ақпаратты жүйелі түрде алып тұрғыңыз келе ме? Егер алғыңыз келсе, оны қаншалықты жиі алғыңыз келеді?

- a. Жоқ
- b. Иә, ай сайын

- c. Иә, жыл сайын
- d. Білмеймін
- e. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
- f. Басқа, көрсетіңіз _____

17. Қазақстандағы ЮНИСЕФ туралы ақпарат алудың қандай көздері сіз үшін неғұрлым ыңғайлы болып табылады?

- a. Веб-сайт
- b. Әлеуметтік желілер
- c. Баспа басылымдары (кітапшалар, жылдық есептер, бюллетеньдер)
- d. Электронды пошта арқылы ақпарат тарату
- e. Басқа, көрсетіңіз

18. Сіз Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің веб-сайты және оның әлеуметтік желілердегі беттері туралы білесіз бе?

- a. Иә
 - b. Жоқ
 - c. Білмеймін
 - d. Бұл сұраққа жауап бергім келмейді
- Егер а) нұсқасы таңдалса:

19. Сіздің Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің веб-сайты немесе оның әлеуметтік желілердегі беттері үшін ұсынымдарыңыз бар ма? _____

20. Сіз ЮНИСЕФ пен ҰЕҰ арасындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылау мақсатындағы жеке сұхбатқа қатысуға келісер ме едіңіз?

- a. Иә
- b. Жоқ

Егер а) нұсқасы таңдалса:

Өзіңіздің толық байланыс ақпаратыңызды және өзіңіз басымдық танытатын сұхбат түрін көрсетіңіз (скайп немесе телефон арқылы)

21. Мұнда Сіз Қазақстандағы ЮНИСЕФ жұмысын жақсартуға септігін тигізуі мүмкін өз пікірлеріңіз бен ұсынымдарыңызды жаза аласыз _____

ҮЕҰ-лармен құрылымданған сұхбат жүргізуге арналған сауалнама

1. Қазақстандағы әйелдер мен балалардың жағдайын жақсарту үшін не істеу қажет?
2. Қазақстандағы әйелдер мен балалардың проблемаларын шешу үшін сіздің ҮЕҰ қандай үлес қосуға дайын және қалай?
3. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін сіздің ҮЕҰ қандай дағдыларды, атап айтқанда, қандай әлеуетті арттыруы қажет?
4. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде ҮЕҰ-лар қандай қиындықтарға кездеседі (өз мысалыңыздың негізінде)?
5. Сіздің ҮЕҰ бұл проблемаларды еңсеру үшін не істеді?
6. Сіздің ҮЕҰ Қазақстандағы ЮНИСЕФ пен ҮЕҚ арасындағы ақпарат алмасуды жақсарту үшін қандай ұсынымдар бере алар еді?
7. «Әлеуетті дамыту» терминін Сіз қалай түсінесіз? Бұл Сіз және Сіздің ұйымыңыз үшін нені білдіреді?
8. Сіз «ЮНИСЕФ-пен серіктестік» дегенді қалай түсінесіз?

Осы басылымда қолданылатын анықтамалар мен белгілер, сондай-ақ ұсынылған материалдар ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы, кез келген өзге елдегі немесе кез келген өзге аумақтағы балалардың құқықтық мәртебесіне, оның билігіне немесе оның шекараларын белгілеуге қатысты қандай да бір пікірін білдірмейді. Осы жарияланымнан алынған кез келген ақпарат қандай да бір шектеусіз, бірақ дереккөзге міндетті түрде сілтеме жасай отырып көшірілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ)

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,

010000, Бейбітшілік көшесі, 10 А

Тел.: +7 (7172) 32 17 97, 32 29 69, 32 28 78

Факс: +7 (7172) 321803

www.unicef.kz

www.unicef.org

**ЮНИСЕФ консультанты Айнұр Әбсеметова дайындаған
Редакциялаған - Сара Джоунс (Sarah Jones)**